

Қазақстан Республикасының Ұлыбританияның Біріккен Корольдігі мен Солтүстік Ирландиядағы Елшілігінің мәселелері

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 1995 жылғы 27 қазандағы N 1394

"Қазақстан Республикасының Ұлыбританияның Біріккен Корольдігі мен Солтүстік Ирландиядағы Елшілігін ашу туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 1995 жылғы 20 қазандағы N 2569 U952569_ Жарлығын жүзеге асыру үшін Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасының Ұлыбританияның Біріккен Корольдігі мен Солтүстік Ирландиядағы Елшілігінің штат саны 24,5 адам болып бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасының Ұлыбританияның Біріккен Корольдігі мен Солтүстік Ирландиядағы Төтенше және Өкілетті Елшісінің лауазымдық жалақысы айына 3500 АҚШ доллары мөлшерінде белгіленсін. <*>

Елшілік қызметкерлерінің лауазымдық жалақылары Қазақстан Республикасы Елшісінің шетел валютасымен айлық жалақысына қарай штат кестесіне сәйкес белгіленсін.

Ескерту. 2-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 1996.12.18.

N 1545 қаулысымен. P961545_

3. Елшілік қызметкерлеріне медициналық көмек көрсетуге арналған аударым олардың шетел валютасымен жалақы қорының 2 проценті мөлшерінде белгіленсін.

4. Қазақстан Республикасының Сыртқы Істер министрлігі Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігімен келісе отырып Қазақстан Республикасының Ұлыбританияның Біріккен Корольдігі мен Солтүстік Ирландиядағы Елшілігінің штаттық кестесін және смета шығынын бекітсін.

5. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі 1995 жылдың

аяғына дейінгі кезеңге арналған үй-жай жөндеуге, автокөлік, қажетті құрал-саймандар мен жабдықтар алуға іс-сапарға шығындарды қоса алғанда Қазақстан Республикасының Ұлыбританияның Біріккен Корольдігі мен Солтүстік Ирландиядағы Елшілігінің қызметін қамтамасыз ету үшін қажетті қаражатты республикалық бюджет қаражатының есебінен бөлетін болсын.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК